



РЕФЕРАТ

Тақырып: Инсульт

Орындаған: Каденова А.

Тобы: 3-ЛД-БК11


Тексерген: Скаков М.Ж.


Жоспар:

- 1.** Инсульт дегенеміз не?
 - 2.** Инсульттің түрлері
 - 3.** Симптомдары
 - 4.** Пайда болу себептері
 - 5.** Алдын алу және емдеу шаралары
-

1.Инсульт дегенеміз не?

Инсульт — ми қанайналымының бұзылуымен байланысты ауру, нәтижесінде мидың белгілі бір бөлігіндегі қанайналымы төмендейді немесе толығымен тоқтайды. Бүгінгі күні инсульт халықтың өлім-жітім себептерінің арасында екінші орында тұр. Сондай-ақ, инсульт мүгедектікке әкеп соғатын аурулардың ішінде бірінші орынға ие. Инсульт алған адамдардың 80% жуығы мүгедектікке ұшыраса, соның ішінде 25% жуығы қалған өмірінің барлығында тұрақты түрде күтімді қажет етеді.






2. Инсульттің түрлері

Инсульттің негізгі үш түрі бар – *ишемиялық инсульт* және *геморрагиялық инсульт (қан құйылу)*, оның екі типі бар – *миішілік* және *субарахноидалды*. Қан құйылу тамырлардың жарылуы салдарынан болады, негізінде жиі қан қысымының жоғарылауынан болады. Тамырдан шыққан қан қуыс тәрізді қан гематомасын немесе ісік жасап, бас миы тінінің қабырғасын жылжытады.

1. Ишемиялық инсульт. Инсульттің бұл түрі ми инфаркты деп те аталады. Бұл ауру көбіне 50-60 жастан жоғары адамдарда пайда болады. Ишемиялық инсульт инсульттің басқа түрлеріне қарағанда жиі кездеседі әрі оқиғалардың 80% болады. Ишемиялық инсульттің себептері ми жасушаларына оттегін жеткізуге жауап беретін артериялар бойынша қан жүруінің бұзылуымен байланысты ми қабырғалары тарылады немесе бітеліп қалады.

2. Миішілік қан құйылу. Инсульттің бұл түрі кейіндеу пайда болған, шамамен орташа жас мөлшері 45-55 жас және мидағы қан ағысы бұзылуының барлық түрлерінің 10% жуығын құрайды. Қан құйылудың пайда болуының негізгі себебі гипертониялық ауру болып табылады. Осы патологияға әкеп соғатын басқа аурулар - атеросклероз, жүрек-қан тамыры жүйесіне әсер ететін қабыну процестері болып табылады.

Ишемический и геморрагический инсульт




Ишемический инсульт



Геморрагический инсульт

3. Субарахноидалды қан құйылу. Ми қабығы тамырларының жарылуы нәтижесінде пайда болатын бас миы мен оның қабығы арасында пайда болған гематомалар. Бұл 30-60 жастағы адамдарда пайда болатын инсульттардың ішіндегі ең жасы боп саналады. Ауру себептері негізінен зиянды әдеттер (темекі тарту, ішімдікті ұзақ пайдалану немесе ішімдікті үлкен мөлшерде бір-ақ рет қолдану). Инсультқа себепкер артық салмақ, артериялық гипертензия болуы мүмкін. Ол аяқ астынан немесе бас сүйек-ми жарақаты нәтижесінде пайда болады. Инсульттің осы түрінің себепшісі шамадан тыс физикалық жүктеме болуы мүмкін, мысалы, ауыр затты көтеру, қан қысымының көтерілуімен байланысты жүйкеге күш түсу. Субарахноидалды қан құйылудың аневризма және оның қасындағы құрылымдардың (көз қарашығының ұлғаюы – көзді қозғап тұратын нервті аневризманың басып тұруы) қысымымен шақырылатын симптомдары болады. Симптомдар инсультқа дейін 2-3 аптада білінеді. Геморрагиялық инсульт диагностикасы. Егер қалыпсыз жағдайды дер кезінде байқасаңыз, дәрігерге қаралыңыз. Ол люмбальді функция немесе компьютерлік томография көмегімен Сізге диагноз қояды. Осы шара аневризманың орналасқан жерін уақытында анықтауға және оны жоюға мүмкіндік береді. Диагностика жасау үшін кейде магнитті-резонансты томографияға және компьютерлік томографияға жүгінеді, сол арқылы гематоманың орналасқан жерін анықтауға болады.

СУБАРАХНОИДАЛЬНОЕ (ПОДОБОЛОЧЕЧНОЕ) КРОВОИЗЛИЯНИЕ



3. Симптомдары

Инсульт симптомдарын екі категорияға бөлуге болады: *жалпы ми және ошақты.*

1. Жалпы ми симптомдары:

- жүрек айну немесе құсумен көрінетін қатты бас ауруы;
 - ұйқышылдық, кейбірулер үшін кері әсер тән – қатты қозу;
 - есін жоғалту және бұзылу;
 - бас айналу;
 - кеңістікте немесе уақытқа бағдарын жоғалту;
 - жүрек қағысы;
 - тершеңдік және ыстықты сезіну.
-

Ошақты симптомдар:

- Симптомдар мидағы қалыпты қанайналымының қай бөлікте бұзылғанына байланысты болады. Мидың әрбір бөлігі белгілі бір қызметке жауап береді, демек, мидың әртүрлі бөлігіндегі қанайналысының бұзылуы әртүрлі симптомдар – тепе-теңдік, көз көру, сөйлеу арқылы көрінеді. Қозғалыстың үйлесімін жоғалту бастың айналуымен және құсумен көрінеді. Ең қауіптісі ишемиялық инсульт болып табылады, себебі оның бастапқы кезеңінде анық симптомдары байқалмайды. Ол тіпті байқалмауы да мүмкін, мысалы, бас ауруы, бас айналу, құсу түрінде бірде көрініп, бірде көрінбеуі мүмкін. Геморрагиялық инсульттың айқын симптомдары бар және бастапқы кезеңінде-ақ қатты бас ауруы, есінен тану, құсу арқылы өзін білдіреді. Ми қанайналымының өткінші бұзылуы деп аталатын түрі де бар, оны микроинсульт деп те атайды. Ол адам денсаулығының бірден өзгеруімен сипатталады – сөйлеуі, жүріп-тұруы бұзылып, жартылай немесе толық соқырлық байқалады. Микроинсульт адам денсаулығының уақытша бұзылуымен сипатталады, белгілі бір уақытта (бірнеше минут не сағат) оны қалпына келтіруге болады. Алайда адамның өзін-өзі қалыпты сезінуі ұзаққа бармайды, сондықтан мұндай жағдайда ауруханаға жатып емделу міндетті, себебі осындай патологиялық жағдай нағыз инсульттің алғашқы хабаршысы болып табылады.

Симптомы инсульта

Если помощь пострадавшему не будет оказана в течении 3,5 часов, ему грозит глубокая инвалидность!

FAST тест на симптомы инсульта



Face

Парализовало правую или левую половину лица



Arm

Слабость в одной руке



Speech

Речь стала невнятной и неразборчивой



Test

Вызывайте «скорую»!

Факторы риска

- Артериальная гипертония
- Высокий уровень холестерина
- Сахарный диабет
- Заболевания сердца
- Курение
- Избыточный вес



Часто из-за схожих симптомов людей, переживших инсульт, принимают за пьяных. Нетвёрдая походка и невнятная речь не всегда говорят об алкогольном опьянении

4. Пайда болу себептері

Келесі қауіп-қатер факторларына ерекше тоқталғым келеді:


Темекі шегу. Никотин салдарынан тамырлардың түйілуі пайда болады, оларда жүректің ишемиялық ауруының негізгі себепкері болып табылатын атеросклеротикалық түйіндер пайда болады. Темекі шегуден бас тарту инсульттің пайда болуын екі есе төмендетуге мүмкіндік береді. Жүрек қағысының бұзылуы жүрек бөлімдерінде қанның тоқтап қалуы тамырлардың бітелуіне қатысатын қанның ұюына әкеледі. Артериялық гипертензия тамырлардың жарылу мүмкіндігін арттырады. Қант диабеті липидтік алмасудың бұзылуымен (холестерин түйіндерінің пайда болуы) және артериялық қысымның көтерілуімен көрінеді.

Сонымен қатар қатер факторына **артық салмақты, ішімдік ішуді, жүрек ауруы** мен жас мөлшерін де жатқызуға болады. Осы факторлардың болуы ми қанайналымы бұзылуының мүмкіндігін арттырады, сондықтан өз ағзаңыздың жағдайын бақылап отыру өте маңызды, ол өмірге қауіп төндіретін патолоиядан қашуға мүмкіндік береді.

**Повышенное
артериальное
давление**



**Заболевания
сердечно-
сосудистой
системы**



**Отягощенная
наследственность**



Ожирение



Частые стрессы



Вредные привычки



**Факторы риска
инсульта**

**Малоподвижный
образ жизни**



**Чрезмерные
физические
нагрузки**



Vseozozh
A260303P

4.Алдын алу және емдеу шаралары

Инсульт кезіндегі алғашқы көмек:

Зардап шеккен адамды таза ауа кіретіндей бөлмедегі төсекке жатқызыңыз, дем алу үшін тынысын тарылтатын киімдерін шешіңіз. Егер науқас құсқан болса, аузындағы құсықты тазалаңыз. Алғашқы көмектің дұрыс көрсетілуі өте маңызды, себебі инсульттің жүруі мен салдары дәл соған байланысты болады. Науқасты тасымалдау тек жатқызған күйінде жасалады. Инсульттан кейінгі ауруды емдеу. Инсультті емдеу инсульттің қайталанбауының алдын алуға, сонымен қатар ми қанайналымын қалпына келтіруге бағытталған және кешенді емдеуден тұрады: тамырлық терапия (бас миының зат алмасуын жақсартатын дәрілерді қабылдау, оттегі терапиясы және міндетті реабилитация (емдік дене шынықтыру, массаж және физиоём). Геморрагиялық бұзылу кезінде мишық немесе мидың жоғары жартышарындағы қан кұйылу оқиғасы хирургиялық емге жатады.

Инсульт профилактикасы

Инсульттің алғашқы және екінші реттік профилактикасы бар. Алғашқы профилактика мидағы қанайналымына жауап беретін тамырлар патологиясын, гипертония ауруын, артық дене салмағын жоюға бағытталған. Екінші реттік профилактика инсульттің қайталануына жол бермеуге бағытталған, оған түйіндерді жоюға және алдын алуға бағытталған дәрі-дәрмектің немесе хирургиялық араласудың көмегімен қол жеткізуге болады. Инсультті емдегенге қарағанда оның алдын алған тиімді болатынын есте сақтаңыз. Жүрек-қан тамыры жүйесінің жұмысына тұрақты түрде диагностика жасатып тұрыңыз, сонда осы бір қауіпті ауру Сізге ешқашан жоламайды.

**Соблюдайте правила
рационального питания**



**Контролируйте
артериальное давление**



**Откажитесь
от курения**

**Не употребляйте
алкоголь**



Профилактика инсульта

**Занимайтесь
физической
культурой**



**Проверяйте уровень
холестерина
и сахара
в крови**



**Избегайте
стресса**

